



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
«ТҰРАҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНЕ СӘЙКЕС ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ
БЕРУ: ЖАҢА МІНДЕТТЕР. 1-КЕЗЕҢ»

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.
28 мамыр 2021ж.

ҚҰРМЕТТІ ӘРІШТЕСТЕР!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы сіздерді **2021 жылғы 28 мамырда** өтетін «ТҰРАҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНЕ СӘЙКЕС ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ: ЖАҢА МІНДЕТТЕР. 1-КЕЗЕҢ» атты жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға шақырады.

Конференцияның негізгі мақсаты мен міндеттері:

- үздіксіз білім беру феноменінің даму үрдістерін, әдіснамалық негіздерін және оның гуманистік мәнін анықтаумен байланысты үздіксіз білім беру жүйесінің теориялық және практикалық сипатының маңызды мәселелерін талқылау үшін пікірталас алаңын құру; оны жобалау және іске асыру ерекшеліктерін анықтау;

- қазіргі заманғы қазақстандық және шетелдік білім берудің жай-күйін, олардың даму болашағы мен өзара байланысын талқылау;

- білім берудің барлық деңгейінің өзара байланыс жүйесінде үздіксіз білім берудің; қосымша, бейресми және кәсіптік білім берудің даму модельдеріне талдау жасау;

- цифрлық білім беру ортасының білім сапасына әсері, оның сапасын арттыру және цифрлық кеңістікті қолдана отырып, үздіксіз білім беру мүмкіндіктерін кеңейту

- адами капиталды дамытуға ықпал ететін білім беру алаңдарында инновациялық практиканы жүзеге асыру тәжірибесін анықтау.

Конференция бірлескен халықаралық пәнаралық зерттеулерді ұйымдастыруға, үздіксіз білім беру саласында тәжірибе алмасуға, халықаралық академиялық қоғамдастықты шоғырландыруға және қазақстандық ғалымдардың шетелде танымал болуына мол мүмкіндік береді.

Қазақстандық және шетелдік ғалымдар, үздіксіз білім беру мәселелерімен айналысатын, педагогика және философия, білім беру психологиясы саласындағы мамандар; білім беру ұйымдарының басшылары, педагогтер **конференцияға қатысуға шақырылады.**

Конференцияны ұйымдастырушы — **Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы**

Конференцияға қатысу – тегін, ол үшін міндетті түрде тіркелуіңіз қажет.

Конференция аясында өтетін іс-шаралар

- Пленарлық мәжіліс
- Панельдік сессия

Конференцияның негізгі бағыттары:

- ✓ Жаһандық сын-тегеуріндер жағдайындағы өмір бойы оқу философиясы (21 ғасырдың трансверсиялық құзыреттері мен жаңа сауаттылығы. Ұрпақтар теориясы. Цифрлық ұрпақ. Үздіксіз педагогикалық білім беруді жаңарту. Білім және ғылым - 21 ғасырдың міндеттеріне жауап. Күміс университеттер - жаңа мүмкіндіктер.)
- ✓ Үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқытудың тиімді тәсілдері мен инновациялық технологиялары.
- ✓ Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру. Білім берудегі инклюзия және теңдік. Үздіксіз білім берудің киберқауіпсіздігі.
- ✓ Сапа кепілдігін қамтамасыз ету: критериалды бағалау, аккредиттеу, мемлекеттік аттестаттау, ұлттық сертификаттау, рейтингілеу.

Конференцияның сайты <http://lifelong-education-conf.kz> 2021 жылғы 1 сәуірден бастап жұмыс істейтін болады

Конференция сайтында тіркелу:

Конференцияға қатысу үшін 2021 жылғы 10 мамырға дейін <http://lifelong-education-conf.kz> сайтында тіркелу қажет.

Конференцияға қатысушы <http://lifelong-education-conf.kz> конференция сайтында ойдағыдай тіркелгеннен кейін жеке кабинетке кіру үшін пароль мен логин алады:

- жеке кабинетте мақала /баяндама мәтіні тіркеледі;
- қатысушы мақаласының/баяндамасының Конференция бағдарламасына **енгізілгені туралы ақпарат алғаннан кейін ғана** жеке кабинетінде Конференцияға шақырту алады;
- сертификаттар қатысушының электрондық поштасына жіберіледі;
- Конференция материалдарының жинағы (электрондық түрде) Конференция сайтында және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының журналдарында жарияланады.

Конференцияға қатысу үшін тыңдаушы ретінде тіркелген қатысушының электрондық поштасына сілтеме жіберіледі және конференция аяқталғаннан кейін тыңдаушы сертификатына ие болады.

Материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар:

Көлемі 7 беттен аспайтын материал электрондық түрде ұсынылады: мәтіндік редактор *MS WORD*; формат *A4*, негізгі қаріп – *Times New Roman*; кегль – 14, жоларалық интервал – бір; мәтіннің еніне қарай туралау; абзацтық шегініс – 1,0 см; барлық жиек – 2 см. Беттері нөмірленбейді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!!!

Жоғарғы жағының ортасынан – **баяндаманың атауы тасымалсыз жазба әріптермен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде**, жартылай қалың; одан әрі бір жолдан кейін, ортасында – **автор (-лар) дың аты-жөні мен тегі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде** (бір баяндамаға немесе мақалаға үш автордан көп болуы құпталмайды), бір жолдан кейін – **орыс және ағылшын тілдерінде ұйымы, қаласы**, автордың (-лардың) e-mail поштасы, келесі бір жолдан кейін – **қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде аңдатпа (70 сөзден аспауы керек)** мен **тірек сөздер (7 сөзден аспауы тиіс)**, одан әрі бір жолдан кейін – мақаланың мәтіні жазылады.

Әдебиетке сілтемелер **тік жақшада** [] ресімделеді.

Әдебиет тізімінің болуы міндетті.

Сөздер тасымалданбайды.

Суреттердің көлемі мақаланың 1/4 көлемінен аспауы тиіс. Суреттер, иллюстрациялар, фотосуреттер *TIFF* (*.TIF) немесе *JPG* кеңейтілімі бар

(Word-қа ендірілмеген) жеке файлдармен ұсынылады. Әрбір суретке мәтінде сілтеме көрсетілуі тиіс, суреттердің нөмірлері ретімен беріліп, суреттердегі жазулар толық ақпаратты қамтуы керек.

Материалдар барлық талапты сақтай отырып, мұқият редакциялануы тиіс.

Ресімдеу талаптарына сәйкес келмейтін және ұйымдастыру комитетіне белгіленген **(2021 жылғы 10 мамырға дейін)** мерзімнен кеш ұсынылған мақалалар Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының журналдары мен конференция материалдарының жинағына енгізілмейді және авторларға қайтарылмайды.

Материалдар авторлық редакцияда жарияланады және автор ұсынған материалының мазмұнына өзі жауапты болады.

Конференцияға қатысушылардың назарына!

Конференцияның сайтында <http://lifelong-education-conf.kz> сайтқа кіруге сілтеме қойылады.

Анықтама үшін байланыс телефондары: Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, тел.: 8 (7172) 72 58 81; Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайты – www.nao.kz; e-mail: l.bulebayeva@nao.kz, g.kussidenova@nao.kz, lifelong-education-conf@yandex.kz